

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 78 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 сәуірде № 5480 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Білім туралы” Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

Б е к і т і л с і н :

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2016 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2016 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ж. Т а ж м а х а н о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Т. Дүйсебаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 сәуірдегі
№ 78 қаулысына 1-қосымша

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны
1	Жалағаш ауданы	1195

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 сәуірдегі
№ 78 қаулысына 2-қосымша

2016 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 31.10.2016 № 222 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап пайда болған қатынастарға таралады).

№	Аудан атауы	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығын (теңге)	
1	Жалағаш ауданы	Балабақша (мемлекеттік/жеке меншік)	Шағын орталық
		24240 теңге	19187 теңге

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 сәуірдегі
№ 78 қаулысына 3-қосымша

2016 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері
1	Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес